

Казталов ауданы бойынша жастар практикасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 139 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 маусымда № 7-8-145 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 22.12.2016 № 380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын басшылыққа алып, халықтың жұмыспен қамту шараларын жүзеге асыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері арасынан тіркелген жұмыссыздарға ұйымдастырылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Батыс Қазақстан облысы Казталов аудан әкімдігінің Казталов аудандық жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан тұындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. М. Молдашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Р. Өтешев

